

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫНДА

2 тамыз 2024

CASE No: AIFC-C/SCC/2024/0004

(1) АЙСУЛУ ОМАРОВА ХАНЫМ
(2) АЛТАЙ ОМАРОВ МЫРЗА

Талапкер

қарсы

(1) «NEF QAZAQSTAN» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
(2) «TIMUR GAYRIMENKUL GELİŞTİRME YAPI VE YATIRIM» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Жауапкер

ШЫҒЫНДАРҒА ҚАТЫСТЫ ӨТІНІШТЕР БОЙЫНША ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Джозефин Хиггз КС

ШЕШІМ

1. Талапкерлер, Омарова Айсулу Изатаевна ханым мен Омаров Алтай Салауатович мырза, 2024 жылғы 17 қаңтарда Сот шығарған Талап-арызды АХҚО Сотына тапсыру арқылы "NEF Qazaqstan" ЖШС-не («**Бірінші жауапкер**») және "Timur Gayrimenkul Geliştirme Yapi ve Yatırım" АҚ-на («**Екінші жауапкер**») (бірілесіп «**Жауапкерлер**») қарсы талап қойды.
2. Талап-арызында Талапкерлер, қысқаша айтқанда, Бірінші жауапкер шығарған және Екінші жауапкер кепілдік берген, мерзімі өткен KZX000001185 облигацияларының («**Облигациялар**»), сыйақысының, өсімпұлының және шығындарының өтелуін талап етті.
3. 2024 жылғы 26 сәуірдегі Шешіммен («**Шешім**») мен Бірінші және Екінші жауапкерлердің негізгі қарыз сомаларын, өсімпұлдар мен сыйақыларды өтеуге міндетті екенін анықтап, Жауапкерлерге Шешімнің 7-тармағында көрсетілген сомаларды төлеуді бұйырдым.
4. Талапкерлер өздерінің Талап-арызында сұраған шығындарды / адвокаттық қаламақысын да талап етті. Шешімнің 6.1-тармағында АХҚО Сот ережелерінің 26.9-ережесінде Ұсақ даулар соты тараптан сот шығындары, алымдары және басқа да шығыстар үшін басқа тарапқа ақшалай соманы төлеуді міндеттей алмайтыны, тек Ұсақ даулар соты орынды деп есептеген сот алымдарының бөлігін немесе негізсіз әрекет еткен тарапқа төлеуге жататын қосымша шығындарды қысқаша рәсім арқылы бағалап, өндіріп алуы мүмкін екені көрсетілген.
5. Шешімнің 6.2-тармағында мен сол уақытта сот шығындарын өндіріп алу туралы бұйрық шығаруды орынды деп есептемегенім және Талапкерлердің шығындарының сомасы туралы ешқандай ақпаратымның болмағаны көрсетілген.
6. Алайда, Шешімнің 6.3-тармағымен мен Талапкерлерге қажет болған жағдайда, осы Шешім шыққан күннен бастап 28 күн ішінде талап етілетін сомаларды және шығындарды талап 14 етудің қысқаша негіздерін көрсете отырып, шығындар туралы жазбаша мәлімдеме беруге рұқсат бердім, ал Жауапкерлерге, қажет болса, одан кейінгі 28 күн ішінде кез келген жауабын беруге мүмкіндік бердім. Шешімнің 6.3-тармағында мен Талапкерлердің шығындар бойынша талабын құжаттар негізінде анықтайтыным көрсетілген.
7. Талапкерлер 2024 жылғы 22 мамырда тиісті түрде сот шығындарын өтеу туралы өтініш берді. Шешімнің 6.3-тармағына сәйкес, Талапкерлердің өтінішінде жалпы сомасы 5 215 АҚШ доллары болатын талап етілген сомалар және шығындарды талап етудің қысқаша негіздері көрсетілген. Талапкерлер шығындардың толық сомасына құқылы екенін мәлімдеді: талап қанағаттандырылды және жалпы ереже бойынша сәтсіздікке ұшыраған тарап табысты болған тараптың шығындарын төлеуге міндетті, сондай-ақ Талапкерлер АХҚО Сотында сот ісін жүргізу үшін заңгерлік көмекті қажет етті, ал талап етілген сома орынды және шығындар туралы мәлімдемемен расталады.
8. Жауапкерлер одан кейінгі 28 күн ішінде жауап берген жоқ. Тіркеушінің 2024 жылғы 22 мамырдағы және 2024 жылғы 9 шілдедегі электрондық хаттарымен Жауапкерлерге мерзімнің аяқталуы туралы ескертілді. Талапкерлер 2024 жылғы 9 шілдеде сырттай шығарылған шешім туралы өтініш берді.
9. Талапкерлердің шығындарды өндіріп алу туралы және сырттай шығарылған шешім туралы өтініштерін қарап, мен төменде көрсетілген себептер бойынша Талапкерлердің өтініштерін қабылдамаймын.

10. Талапкерлер атап өткендей, олар ұтқан тарап болды және жалпы ереже бойынша ұтылған тарап ұтқан тараптың шығындарын төлеуге міндетті (АХҚО Сот ережелерінің 26.5-ережесі).
11. Алайда, АХҚО Сот ережелерінің 26.9-ережесі бойынша, Ұсақ даулар соты тараптан басқа тарапқа сот шығындарына қатысты соманы төлеуді міндеттеуге құқылы емес, келесі жағдайларды қоспағанда: (1) Ұсақ даулар соты орынды деп есептеген сот шығындарының бөлігі; немесе (2) негізсіз әрекет еткен тарапқа төленуге тиісті қосымша шығындарды Ұсақ даулар сотының қысқаша рәсім арқылы бағалап, міндеттеуі.
12. Талапкерлердің сот шығындары болмағандықтан, (1) тармақ қолданылмайды.
13. Мен Жауапкерлердің негізсіз әрекет етуіне байланысты, олардан Талапкерлердің заң шығындарын өтеуін міндеттеуім керек пе, жоқ па, соны мұқият қарастырдым.
14. Мен мұны орынды деп есептемеймін. Жауапкерлердің ақылға қонымсыз әрекет еткен-етпегенін қарастырғанда, мен Бірінші жауапкердің бастапқыда Қорғану құжатын уақтылы ұсынбағанын, айыппұлдар бойынша талапқа қарсылық танытқанымен, оның сәтсіз болғанын және Екінші жауапкердің Қорғану құжатын еш уақытта ұсынбағанын ескердім. Дегенмен, мен Жауапкерлердің 26.9-Ереженің мақсаттары үшін «ақылға қонымсыз» әрекет етті деп санамаймын. Атап айтқанда, Бірінші жауапкер өзінің Қорғану құжатында талап етілген негізгі сомалардың төленуі тиіс екенін ашық мойындап, тек айыппұлдар бойынша талапқа қарсылық танытқанын атап өтемін. Сондай-ақ, Бірінші жауапкердің Талапкерлердің талабын құжаттар негізінде қарауға қарсылық білдірмегенін немесе шығындарды айтарлықтай арттыратын басқа да әрекеттер жасамағанын ескеремін. Осы мән-жайлардың барлығын ескере отырып, бұл істе 26.9(2)-Ережеге сәйкес шығындарды өндіріп алу туралы шешім шығару орынды деп есептемеймін.
15. Талапкерлердің сырттай шығарылған шешім туралы өтінішінде көрсетілгендей, мен Талапкерлердің АХҚО Сот ережелерінің 9-ережесіне сәйкес шығындар бойынша сырттай шығарылған шешімге құқылы деп санамаймын. Мен 9-ереже қолданылмайды деп есептеймін. Шешімнің 6.3-тармағына сәйкес, Жауапкерлерге қажет болған жағдайда Талапкерлердің өтінішіне жауап беруге рұқсат етілген, бірақ олар жауап беруге міндетті болмаған. Шешімнің 6.3-тармағында мен Талапкерлердің шығындар бойынша өтінішін құжаттар негізінде қарайтыным нақты көрсетілген. Демек, Жауапкерлердің ешқандай жауап бермеуі Талапкерлердің шығындар бойынша өтінішіне қатысты сырттай немесе автоматты түрде шешім шығарылуына негіз бола алмайды.
16. Жоғарыда көрсетілген себептерге байланысты Талапкерлердің өтініштері қанағаттандырылмасын.

Сот қабылдады,

Джозефин Хиггз КС

Судья, АХҚО Ұсақ Даулар Соты

Өкілдік:

Талапкерлердің мүддесін «Tukulov Kassilgov Shaikenov Disputes» ЖШС серіктесі Бахыт Түкулов мырза қорғады, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

Бірінші Жауапкердің мүддесін осы іс бойынша «ILF A&A» ЖШС-нан Нұрлыбек Султан Нұсипжанов мырза қорғады, бірақ ол өтініштерге жауап берген жоқ. Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

Екінші Жауапкердің өкілі болған жоқ.